| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **жұмыстар** | | сөздік қорын дамыту Мединамен қимыл-қозғалысты дамыту мақсатында ойын ойнау. | Ерболғаа айтылған сөзді анық, даусын шығарып, дұрыс қайталап айтуға үйрету. | жаттықтыру. Аділямен"отбасы" тақырыбында әңгімелесу. | Аманбектен түстерді үш тілде сұрау. | Қуантайдан ертегі сұрау. |
| енге дайындық | 16.40-16.50 | Аяқ киімдері мен киімдерін оң киюге үйрету. | | | | |
| ен | 16.50-17.50 | **Серуен:**Күнді бақылау. **Қимылдық ойын:** «Күн мен жаңбыр» **Мақсаты:**Тәрбиеші белгісі бойынша қимыл-қозғалыстарды орындап, ойнай білуге уйрету. **Еркін ойындар.** | **Серуен:** Ересек адамдар іс-әрекеттерін бақылау. **Қимылдық ойын:** «Ақ коян». **Мақсаты:** Ойын сөздерін бірге айтқызып,барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл - қозғалыстарын дамыту. **Еркін ойындар.** | **Серуен:** Айналада жүрген құстарды бақылау. **Қимылыдқ ойын:** «Торғайлар мен мысық». **Мақсаты:** Тәрбиеші белгісі бойынша қимыл-қозғалыстарды орындап,ойнай білуге уйрету. **Еркін ойындар.** | **Серуен:**Күзгі ауа-райын бақылау. **Қимылдық ойын:** «Маған қарай жүгіріңдер». **Мақсаты**: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Еркін ойындар.** | **Серуен:**Желді бақылау. **Қимылдық ойын:** «Сұр көжек жуынып жатыр". **Мақсаты:** Ойын сөздерін бірге айтқызып,барлық балаларды көңілді ойынға тарту арқылы қимыл - қозғалыстарын дамыту» **Еркін ойындар.** |
| еннен оралу | 17.50-18.00 | Қатармен жүру дағдыларын дамыту. Өз беттерімен шешініп, киімдерін реттеп жинауларына үйретуді жалғастыру. | | | | |
| лардың үйге уы. | 18.00-18.30 | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу. Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту. | Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу. | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жүгір». Мақсаты: балаларды жылдамдыққа баулу. **4.Жеке жұмыс:** Абдрахманмен отбасы туралы әңгімелесу. **5.Еркін ойындар.** | Мақсаты: балалардыептілікке тәрбиелеу. **4.Жеке жұмыс:** Мадинадан бір немесе көп ұғымдары туралы сұрау. **5.Еркін ойындар.** | жылдамдыққа баулу. **4.Жеке жұмыс:** Камиланы көп және аз ұғымдарын ажыратуға үйрету. **5.Еркін ойындар.** | аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. **4.Жеке жұмыс:** Марленнен өзі білетін тақпағын сұрап, айтқызу. **5.Еркін ойындар.** | Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. **4.Жеке жұмыс:** Ақсәуледен өткен өлең жолдарын жатқа сұрау. **5.Еркін ойындар.** |
| **…уеннен оралу** | 12.30-12.40 | Өз беттерімен шешінулерін, киімдерін рет-ретімен жинауын қадағалау, үйрету. Беті қолдарын жуу, сабындау. | | | | |
| **Түскі ас** | 12.40-13.10 | Үстел басына қол жуғаннан кейін отыру. Орындыққа өзі отырып,тұру. Өз орындарына ыңғайлы отыруларын ескерту. Қасықты оң қолдарына ұстауға тәрбиелеу. Асты төкпей, мұқият ішуге дағдыландыру ,болған соң майлықты дұрыс қолдана білуге үйрету. "Рахмет" сөзін айтқызу. | | | | |
| **…үскі ұйқы** | 13.10-15.10 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| | | А.Қалаубаеваның "Ертегілер" әні тыңдау арқылы ұйықтату. | Ұйықтар алдында "Шалқан" ертегісін оқып беру. | Жай әуен ырғамен ұйқыға жатқызу. | "Бесік жырынмен" ұйықтату. | "Етік киген мысық" ертегісін оқып беру. |
| **…індеп ұйқыдан …, шынықтыру шаралары** | 15.10-15.40 | Ұйқыдан кейін керілу, созылу жаттығуларын жасау.ауыз қуыстарын, беті қолдарын шаю. Киімдері мен аяқ киімдерін оң киюге үйрету. Түкті кілемше үстімен жүргізу. | | | | |
| **Бесін ас** | 15.40-16.10 | Тамақ ішу кезінде сөйлемей, тыныштық сақтап тамақтану дағдыларына үйретуді жалғастыру. | | | | |
| **…ындар, дербес әрекет.** <br><br> **…аланың жеке …му картасына …әйкес жеке** | 16.10-16.40 | **Вариатив компанинет: «Кел сөйлейік, балақай!»** Тақырыбы: Отбасы. Мақсаты: Отбасы мүшелері туралы түсініктерін кеңейту. Отбасы тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрауға, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Өз отбасымен байланыстыра отырып, ондағы өз орнын білуді үйретіп, | Қимылдық ойын: "Епті бол!" Мақсаты: зейінді дамыту, допты лақтыруға және қағып алуға жаттығу. | **Вариатив компанинет: «Халықтық педагогика- тәрбие өзегі»** Тақырыбы: Жаңылтпаштар Мақсаты: Балалардың халық ауыз әдебиетінің бір саласы- жаңылтпаштар туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөздің дыбысталуын нақышына келтіре дұрыс , тез, шебер айта білуге | Дидактикалық ойын: "Ұқсайды ма, ұқсамайды ма?" Мақсаты: Балаларды заттарды салыстыруға, түс, түр, көлем, материалының ұқсастығын атауға үйрету. Байқампаздық, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. | **Вариатив компанинет: «Сиқырлы әріптер»** Тақырыбы: Буынға бөлейік Мақсаты: Балаларға буын туралы түсінік беру, сөздерді баяу айта отырып, буынға бөлуге үйрету. Танымдық қызығушылықтарын арттыру. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **3. «Әлеумет»**<br>Өзін –өзі тану<br>Тақырыбы: Мен қандай баламын?<br>Мақ: Әрбір баланың жеке тұлға екендігін түсіндіру, қыз бала мен ұл баланың ерекшеліктері туралы түсінік беру, өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру, өзара жағымды қарым қатынас жасауға тәрбиелеу.<br><br>**4. «Шығармашылық»**<br>1.Музыка<br>Тақырыбы: «Бөбектер әні» (Е. Тәшов)<br>Мақсаты: Балаларды жаңа әнмен таныстырып, әнді орындағанда үндесіп, бір-бірін тыңдауға үйрету. | | жұмыс істеуде шығармашылыққа баулу. Геометриялық фигураларды қию және адам бейнесіне келтіріп құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қағазды қос бүктеу тәсілдерімен қиюға, бірдей заттың бірнеше пішінін қабаттап қиып алуға, оларды бір-біріне өлшеп, жақсылап орналастырып желімдеуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін қалыптастыру.<br>**4. «Қатынас»**<br>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: «Жақсы мен жаман» (өлеңді жаттау)<br>Авторы: Рахым Тышқанбаев<br>Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп мәнін ашу. Өлең жолдары арқылы жақсы мен жаманды ажырата білуін меңгерту. Балалардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, жақсы-жаман қасиеттер туралы өз ойларын ашып айта білуге баулу. Жақсы болып өсуге тәрбиелеу. |
| **Серуенге дайындық** | 10.55-11.10 | Балаларды өз беттерімен реттілікпен киіне білулеріне дағдыландыру. Киімдерінің түймелерін дұрыс түймелеуге, аяқ киімдерін оң киіп, бауларын байлауға, ұқыпты киінуге үйрету. | | | | |
| **Серуен** | 11.10-12.30 | **1.Серуен:** Ауа райын **бақылау.**<br>**2.Еңбек:** Ойын алаңындағы жапырақтарды жинату.<br>**3.Қимылдық ойын:** «Жалаушаға қарай | **1.Серуен:** Аула ішін **бақылау.**<br>**2.Еңбек:** Ойын алаңындағы тастарды жинату.<br>**3.Қимылдық ойын:** «Автомобильдер мен торғайлар». | **1.Серуен:** Бұлттарды **бақылау.**<br>**2.Еңбек:** Ересек балаларды бақылау.<br>**3.Қимылдық ойын:** «Маған қарай жүгіріңдер».<br>Мақсаты: балаларды | **1.Серуен:** Күз мезгілін **бақылау**.<br>**2.Еңбек:** Құстарды бақылап, оларға жем беру.<br>**3.Қимылдық ойын:** «Торғайлар мен мысық».<br>Мақсаты: балаларды | **1.Серуен:** Аспанды **бақылау.**<br>**2.Еңбек:** Ойын алаңындағы ойыншықтарды жинау.<br>**3.Қимылдық ойын:** "Күн мен жаңбыр". |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | них.<br>**4. «Шығармашылық»**<br>Мүсіндеу<br>Тақырыбы: « Биші Әйгерім»<br>Мақсаты: Балардың ойлау қабілетін, көркемдік талғамдарын арттыру, саусақ қимылдарын дамыту; ойыншықтың әр түрін мүсіндеуге, жеке жұмыстарды қосып мүсіндеуге үйрету; ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу; | айтуғаүйрету. Әр сөздің айтылу мәнерін, мағынасын түсіндіру. Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп айыра білуге үйрету.<br>Әдіс- тәсілі: көрсету, түсіндіру, үйрету.<br>№1 «Кім тапқыр?»<br>Мақсаты: берілген тыбыстың орныны таба білуге машықтандыру. Ойын барысында балалары зейінді болуға дағдыландыру. Түстерді тез айырып, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. Достық қарым қатынасты тәрбиелеу.<br>Көрнекілігі: берілген дыбысқа арналып салынған түрлі-түсті суреттер, ойыншықтар, жалаулар.<br>Ойын шарты: тәрбиеші берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетіндігін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап, егер өтілген дыбыс сөздің басында болса, көк жалаушаны, соңында болса, қызыл түсті жалаушаны жоғары көтереді. | **2. «Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Біз мықтымыз»<br>Мақсаты: Балаларға отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Секіртпемен еркін секіруге, еңкейтілген тақтайға төрт тағандап өрмелеуге үйрету. Дене шынықтыруға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**4. «Шығармашылық»**<br>Сурет салу<br>Тақырыбы: «Сәлеметсіз бе, бұл мен!»<br>Мақсаты: Адамның дене құрылыстары туралы түсініктерін бекіту. Адамның бейнесін салуға үйрету. Балалардың адам бейнесін сала отырып, эстетикалық талғамын дамыту. Жинақтылықпен ептілікке үйрету. | Әдіс- тәсілі: көрсету, түсіндіру, үйрету.<br>№2 «Қарама-қарсы сөздер»<br>Мақсаты:антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын қарама-қарсы сөздермен молайту, зейінділігін арттыру.<br>Көрнекілігі: доп, карточкалар.<br>Ойын шарты:тәрбиеші шеңбер бойымен тұрған балаларға кезекпен допты лақтырып антоним сөздерінің бірін айтады, ал допты ұстап алған бала тәрбиешіге кері лақтырып, айтылған сөзге қарама-қарсы сөзді айту керек.<br>Мысалы:тәрбиеші: «үлкен» десе, бала «кіші» деп, «биік» десе «аласа» деп жауап береді.<br>**4. «Шығармашылық»**<br>Жапсыру<br>Тақырыбы: «Қыз қыдырып жүр»<br>Мақсаты: Қайшымен жұмыс істеу икемділіктерін жетілдіру. Қағазбен | түсіндіру, үйрету.<br>№2. «Не өзгерді?»<br>Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.<br>Көрнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мульяжы.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір - екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады.<br>**3. «Шығармашылық»**<br>Музыка<br>Тақырыбы:<br>«Бөбектер әні» (Е. Тәшов)<br>Мақсаты: Әнді қайталау арқылы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | әрқайсыларының неге қажет екендігін түсіндіру. | бағдарлауға үйрету. | | киімдеріне аудару, сөйлеулерін дамыту. |
| **ктепке дейінгі йым кестесі бойынша ымдастырлған оқу кестесі** | 9.00-10.55 | **1. «Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Біз көңілді балалар»<br>Мақсаты: Балаларды отбасы мүшелерін сыйлауға, құрметтеуге баулу . Допты екі тізесінің арасына қыстырып, қос аяқпен және кезекпен аяқты алмастыра отырып алға жылжып секіруді үйрету, тақтайға төрт тағандап өрмелеуге үйрету.<br>**3. «Қатынас»**<br>Орыс тілі.<br>Тема: «Это я»<br>Цель: Познакомить с названиями частей тела. Создать условия для формирования умений согласовывать вопросительные местоимения (чей, чья, чьи). Закрепить умение понимать, различать вопросительные предложения со словами Что?, Кто? и уметь отвечать на | **1.«Таным»**<br>Математика негіздері<br>Тақырыбы: «Кел, ойнайық!».<br>Мақсаты: балаларды заттардың түрлі қасиеттерін тауып, заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыруды, заттарды берілген белгілері бойынша топтастыруға үйрету; ә) балалардың негізгі түстерді ажырата білу қабілетін дамыту; кеңістікте бағдарлау қабілетін күшейтуді, кеңістік қатынастарын (алдында – артында, ортасында) анықтауға үйретуді жалғастыру; баланың сөйлеу және талдау қабілетін дамыту;<br>б) ұжыммен жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br><br>**2. «Қатынас»**<br>Сауат ашу негіздері<br>Тақырыбы: «Сөзбен танысайық»<br>Мақсаты: Сөз туралы туралы түсіндіруді жалғастыру. Сөзді анық, ашып | **1. «Қатынас»**<br>Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Адам табиғаттың ең ғажайып жаратылысы»<br>Мақсаты: Адамның дене мүшелері туралы білім беру. Күн тәртібінің мағынасын түсіндіру. Тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу, меңгерген сөздермен сөйлем құрауға үйрету.<br>Әдіс- тәсілі: көрсету, түсіндіру, үйрету.<br>№1«Қатты-ақырын-сыбырлап»<br>Мақсаты: Балаларға қатты,сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету.<br>Ойын барысы:<br>Ойынға 3-5 бала қатысады: тәрбиеші балаларға бір сөзді айтады: оны балалар қатты дауыспен,ақырын дауыспен және сыбырлап айтуы керек | **1. «Жаратылыстану»**<br>Жаратылыстану<br>Тақырыбы: «Бізді не қоршап тұр?»<br>Мақсаты: Балаларға адам табиғаттың бір бөлігі екенін айтып түсіндіру. Өмір құндылықтарын үйрету. Табиғаттың әсемдігін сезініп аялай білуге үйрету. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.<br><br>**2. «Қатынас»**<br>Сауат ашу негіздері<br>Тақырыбы: «Сөйлем»<br>Мақсаты: Ауызша сөйлем құрастыру дағдыларын жетілдіру, берілген сөзге сөйлем құрастыра білуге үйрету, талдау, салыстыру, жалпылау, ақпаратты жүйелеудің қарапайым тәсілдерімен таныстыру,тыңдалған материалды мазмұндай білуге үйрету, «Сөйлем» және «Сөйлем сызбасы» терминдері туралы түсінік қалыптастыру | **1. «Денсаулық»**<br>Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Біз көңілді балалар»<br>Мақсаты: Балаларды отбасы мүшелерін сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. Гимнастикалық орындық үстімен қолға алма не алмұрт ұстап тепе- теңдікті ұстап жүруге үйрету. Шығыршықтан шығыршыққа екі аяқпен секіру.<br>**2 «Әлеумет»**<br>Қоршаған ортамен танысу<br>Тақырыбы: «Менің құқықтарым мен міндеттерім»<br>Мақсаты: Балаларды өздерінің құқықтарымен, міндеттерімен таныстыру; балалардың құқықтық жағынан қорғалатыны туралы мәлімет беру; әрбір баланың өз құқығы, өз көзқарасы болатынын санасына жеткізу;<br>Әдіс- тәсілі: көрсету, |

**«Ақбота» мектепалды даярлық тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы**
**Қыркүйек айы, III апта (14.09-18.09.2020ж.)**

**...елі тақырып:** Балабақша және отбасы.
**...алық тақырып:** Мен адаммын.
**...саты:** Балалардың білім ордасы, отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, балабақша бөлмелерін, отбасы мүшелерін ажырата білуге, жақсы ...ге, сыйлауға үйрету.
**...деті:** Отбасы мен балабақша арасындағы өзара ынтымақтастықты, отбасындағы туыстық қарым-қатынас туралы білімдерін дамыту. Алған ...дерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 14.09.2020ж. | Сейсенбі 15.09.2020ж. | Сәрсенбі 16.09.2020ж. | Бейсенбі 17.09.2020ж. | Жұма 18.09.2020ж. |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау ...а – аналармен әңгімелесу | 08.00-08.30 | **Балалармен қарым-қатынас:** отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| ...ындар (үстел – ...і, саусақ және т.б) | | **Өлең жолдарын айтқызу.** Мен бақшаға барамын, Ойнаймын, ән саламын. Тәрбиеші апайлар, Досы барлық баланың. | **Саусақ ойыны:** "Кірпі" жаттығуы. Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектерін жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарай ма? | **Қимылдық ойын:** "Гүлдер мен көбелектер". Мақсаты: балаларды жылдамдыққа баулу. | **Дидактикалық ойын:** "Ғажайып сағат". Мақсаты: жақсы мен жаманды ажыратуға, жақсы іс-әрекеттер жасауға үйрету. | **Саусақ ойыны:** "Достық жаттығуы. Біздің топта қыздар мен ұлдар өзара дос.(екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) 1,2,3,4,5. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) |
| Таңертеңгі жаттығу | | **Ертеңгі жаттығу кешені №2 "Әуенмен".** | | | | |
| Таңғы ас | | Тамақты шашпай, ұқыпты ішуге үйрету. Бір-біріне кедергі жасамай орындарына дұрыс, ыңғайлы отыруды үйрету. Тамақтанып болған соң "алғыс" айтуға үйрету. | | | | |
| ...ымдастырыған ...у – қызметіне ...Қ) дайындық | 08.30-09.00 | **Дидактикалық ойын: "Бұл кім?"** **Мақсаты:** Балалардың өз жанұя мүшелерін атап, айтып бере білулеріне үйрету. | **Дидактикалық ойын: "Тазалыққа не қажет?"** **Мақсаты:** Балаларды тазалық құралдарымен таныстырып, олардың | **Қимылды ойын: "Дыбыс қай жерден шығады?"** **Мақсаты:** Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдап, ептілікке, кеңістікті | **Дидактикалық ойын: "Затты ал"** **Мақсаты:** Балаларға тапсырманы тез әрі дұрыс орындауды үйрету. | **Дидактикалық ойын: "Адамдардың киімдерін бақылау"** **Мақсаты:** Балалардың назарын адамдардың |